

FTAXA 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530106>

Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна*¹

Phd доктор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан,
naz-sb@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8934-2602

Утеулиева Венера Сакеновна²

магистр, №4 қосымша білім беру мектеп-орталығының тарих пәнінің мұғалімі, Орал,
Қазақстан, Venio86@mail.ru, ORCID ID: 0009-0002-0022-9043

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ДІНИ-САЯСИ ТАРИХЫ: МИССИОНЕРЛІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласында құрылған миссионерлік мекемелердің қызметі мен құрылымдық ерекшеліктері жан-жақты талданады. Ресей империясының отарлық саясаты аясында қазақ даласында ұйымдастырылған діни мекемелердің басты мақсаты – христиан дінін тарату арқылы жергілікті халықты рухани тұрғыдан ықпалға түсіру, сол арқылы отарлық басқару жүйесін нығайту болды. Мақалада бұл мекемелердің құрылу алғышарттары, ұйымдастырушылық құрылымы, қаржыландыру көзі, миссионер кадрларын даярлау үдерісі және олардың нақты қызмет бағыттары сараланады.

Зерттеу барысында патша үкіметінің ресми жарлықтары, миссионерлік қоғамдардың есептері, мұрағаттық деректер мен сол дәуірдегі мерзімді баспасөз материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар, орыс православ шіркеуінің миссионерлік саясаттағы рөлі мен оған бағынышты жергілікті шіркеу органдарының (приход, шіркеу мектебі, діни миссиялар) іс-әрекеттеріне де арнайы назар аударылды. Мақала миссионерлік мекемелердің қазақ халқы арасында жүргізген ағартушылық, діни насихат, әлеуметтік және тәрбиелік жұмыстарын сипаттай отырып, олардың идеологиялық қызметін де ашып көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде бұл мекемелердің тек діни емес, саяси-әлеуметтік ықпал құралдары болғаны айқындалды. Олар қазақ халқының дәстүрлі діни сеніміне, тілі мен мәдениетіне ықпал ету арқылы отарлық идеологияны таратуда маңызды рөл атқарды. Алайда, жергілікті халықтың діни сеніміне берік болуы бұл мекемелердің толық мақсатқа жетуіне кедергі келтірді. Мақала миссионерлік мекемелердің құрылымы мен қызметін тарихи тұрғыдан бағалай отырып, отарлық кезеңдегі діни саясаттың күрделі табиғатын ашуға ұмтылады.

Кілт сөздер. Миссионерлік, қазақ даласы, отарлық саясат, православие, діни насихат, рухани ықпал, шіркеу мекемелері, христиан миссиясы, діни білім беру, мәдени ассимиляция.

Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна*¹

Доктор Phd, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск,
Казахстан, naz-sb@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8934-2602

Утеулиева Венера Сакеновна²

магистр, учитель истории школы-центра дополнительного образования №4, Уральск,
Казахстан, Venio_k_86@mail.ru, ORCID ID: 0009-0002-0022-9043

**РЕЛИГИОЗНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ ЦАРСКОГО
ПРАВИТЕЛЬСТВА В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
МИССИОНЕРСКИХ УЧРЕЖДЕНИЙ И ИХ ОСОБЕННОСТИ**

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируются деятельность и особенности миссионерских учреждений, созданных на территории Казахстана во второй половине XIX — начале XX веков. В условиях колониальной политики Российской империи религиозные учреждения, организованные в казахских землях, ставили своей главной целью распространение христианства, с тем чтобы духовно воздействовать на местное население и, соответственно, укрепить систему колониального управления. В статье рассматриваются предпосылки создания этих учреждений, их организационная структура, источники финансирования, процесс подготовки миссионерских кадров, а также конкретные направления их деятельности.

В ходе исследования были использованы официальные указы царского правительства, отчёты миссионерских обществ, архивные документы и материалы периодической печати того времени. Особое внимание уделено роли Русской православной церкви в реализации миссионерской политики и действиям подведомственных ей местных церковных органов (приходов, церковных школ, религиозных миссий). Описывается просветительская, религиозная, социальная и воспитательная работа, проводимая этими учреждениями среди казахского населения, а также раскрывается их идеологическая функция.

Результаты исследования показывают, что данные учреждения служили не только религиозными, но и социо-политическими инструментами влияния. Посредством воздействия на традиционные религиозные убеждения, язык и культуру казахского народа они играли важную роль в распространении колониальной идеологии. Однако приверженность местного населения своей вере препятствовала полному осуществлению целей этих миссий. Оценивая структуру и деятельность миссионерских учреждений с исторической точки зрения, статья стремится раскрыть сложную природу религиозной политики в колониальный период

Ключевые слова. Миссионерство, казахская степь, колониальная политика, православие, религиозная пропаганда, духовное влияние, церковные учреждения, христианская миссия, религиозное образование, культурная ассимиляция.

Sabyrgaliyeva Nazgul Baktygalievna^{*1}

PhD, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan,
naz-sb@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8934-2602

Uteulyyeva Venera Sakenovna

Master's Degree, History Teacher at Supplementary Education School-Center No. 4,
Uralsk, Kazakhstan, Venio_k_86@mail.ru, ORCID ID: 0009-0002-0022-9043

**RELIGIOUS AND POLITICAL HISTORY OF THE KAZAKH STEPPE DURING
THE TSARIST RULE: ACTIVITIES AND CHARACTERISTICS OF MISSIONARY
INSTITUTIONS**

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the activities and structural characteristics of missionary institutions established in the Kazakh Steppe during the second half of the 19th century and the early 20th century. Within the framework of the Russian Empire's colonial policy, these religious institutions were primarily aimed at spreading Christianity in order to exert spiritual influence over the local population and thereby strengthen the colonial administration. The article examines the prerequisites for the establishment of such institutions, their organizational structure, sources of funding, the process of training missionary personnel, and the specific areas of their activities.

The research is based on official decrees of the tsarist government, reports of missionary societies, archival documents, and contemporary periodicals. Special attention is also given to the role of the Russian Orthodox Church in the missionary policy and to the activities of local church bodies subordinate to it (such as parishes, church schools, and religious missions). The article describes the educational, religious, social, and moral work conducted by these institutions among the Kazakh population, while also highlighting their ideological functions.

The study reveals that these institutions served not only religious but also socio-political purposes. By influencing the traditional religious beliefs, language, and culture of the Kazakh people, they played a significant role in disseminating colonial ideology. However, the strong adherence of the local population to their own faith limited the success of these institutions in achieving their full objectives. By evaluating the structure and activities of missionary institutions from a historical perspective, the article aims to shed light on the complex nature of religious policy during the colonial period.

Key words. Missionary, Kazakhsteppe, colonial policy, orthodoxy, religious propaganda, spiritual influence, church institutions, Christian mission, religious education, cultural assimilation.

Кіріспе. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы қазақ даласының саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде түбегейлі өзгерістер кезеңі болды. Бұл уақыт аралығында Ресей империясының отарлық билігі күшейіп, қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы мен рухани дүниесіне елеулі ықпал етті. Отарлық әкімшілік өз үстемдігін нығайту мақсатында тек саяси-экономикалық тетіктерді ғана емес, сонымен қатар діни және идеологиялық құралдарды да кеңінен пайдаланды. Дәл осы кезеңде миссионерлік қызмет империялық саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бір жағынан, православ миссионерлері жергілікті халықты христиан дініне тарту арқылы империяға мәдени және рухани тұрғыдан бейімдеуді көздеді. Екінші жағынан, ислам дінін ұстанушы қазақтар арасында да діни білім беру мен рухани ықпал үшін бәсекелестік күшейді, бұл өз кезегінде отарлық билік пен мұсылмандық орталықтардың арасындағы күрделі қатынастарды туындатты.

Қазақ даласындағы діни саясат тарихын зерттеу – отарлық идеологияның мазмұнын, оның жергілікті мәдениет пен руханиятқа ықпал ету тетіктерін, сондай-ақ қазақ халқының осы саясатқа берген жауаптарын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тақырып бүгінгі күн тұрғысынан да өзекті, өйткені ол ұлттың тарихи жадын, діни санасының қалыптасу жолдарын және қазіргі көпконфессиялы қоғамдағы мәдени сабақтастықты айқындайды.

Қазақстандағы XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы миссионерлер қызметінің тарихы – отандық ғылымда зерттелген тақырыптардың бірі. Мәселе бойынша ішінара ғылыми-зерттеу жұмыстары бар. Осы орайда Ғ.К.Батырхановтың, Н.Нуртазинаның, А.С.Тасмағамбетовтың, Ю.А.Лысенконың ғылыми еңбектерін айтуға болады.

Г.К.Батырханов «Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты (XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басы)» атты зерттеу жұмысында аталмыш кезеңдегі Ресейдің Қазақстандағы ұлттық саясатын, миссионер мамандарды даярлау мен миссионерлік мекемелердің құрылуы мен қызметіне, шоқындыруды қоныс аудару саясаты арқылы жүзеге асыру, бұл саясатқа қазақ зиялыларының көзқарасын нақты деректермен талдауға тырысады.

Н.Нуртазинаның «Проблемы Ислама, интеграции модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков)» атты еңбегінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінде өмір сүрген халықтардың тарихи тағдырын, олардың отарлық жағдайға түсуін, патшалық Ресейдің Түркістан өлкесін жаулап алғаннан кейін мұндағы мұсылман халықтарына қатысты жүргізген арнайы діни және әкімшілік саясатын, бұл саясаттың ислам институттарына, білім беру жүйесіне және діни элитаға қалай әсер еткенін талдайды.

А.С.Тасмағамбетов зерттеу жұмысында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметтерін Қазақстанның барлық аймақтары бойынша Ресей және Қазақстан архивтерінің деректерін талдай отырып, маңызды тұжырымдар жасайды.

Ю.А.Лысенко XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметін жан-жақты талдай отырып, Ресей мен Қазақстанның аймақтық архивтерінің бұрын соңды қолданылмаған деректерін ғылыми айналымға енгізеді.

Г.Өнесованың «Қазақстандағы миссионерлік мектептер тарихы (XIX – XX ғ.басы)» атты зерттеу жұмысында миссионерлік білім беру мекемелері туралы деректі зерттейді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл мақалада қазақ даласындағы миссионерлік мекемелердің қызметі мен құрылымын жан-жақты талдау мақсатында тарихи-салыстырмалы және жүйелі талдау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы барысында бірнеше дереккөздер мен материалдар қолданысқа ие болды.

Әсіресе қолданылған мұрағаттық құжаттар, патша үкіметінің ресми актілері мен жарлықтары, христиан дінін таратуға бағытталған нормативтік-құқықтық құжаттар, миссионерлердің есептері мен жазбалары, діни қызметкерлердің күнделіктері, миссия барысындағы баяндамалары мақала тақырыбын кеңінен ашуға мүмкіндік береді.

Мақалада салыстырмалы талдау әдісін қолдану арқылы миссионерлік әрекеттер мен қазақ қоғамының жауап реакциясын салыстыруға мүмкіндік берілген.

Сонымен қатар, жүйелі талдау әдісі арқылы миссионерлік құрылымдардың ішкі ұйымдасуы мен қызмет бағыттарын кешенді түрде зерттеуде қолданылған.

Жалпы зерттеу барысында алынған материалдар мен қолданылған әдістер тақырыпты жан-жақты ашуға, миссионерлік мекемелердің отарлық құрылымдағы рөлін айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақстанда миссионерлік қызметті XIX ғасырдың 70-жылдарында Православие миссионерлік қоғамының мүшелері жүргізді. Жоғары зайырлы және рухани тұлғалардың бастамасымен құрылған бұл ұйым патша үкіметі мен жергілікті әкімшіліктің көптеген шенеуніктерін өз қатарына қосты.

Жағдайды зерттей отырып, кейбір миссионерлер XIX ғасырдың ортасына қарай миссияларды құру және олардың таралуы үшін қолайлы жағдайлар туды деп есептеді. Осылайша, үкіметті сендіре отырып, миссионерлік ұйымдар құрудың қажеттігі алға тартылды. Миссионерлік мекемелерге рухани миссиялар да кіреді. Қасиетті Синодтың жарғысымен 1881 жылы Қырғыз рухани миссиясы құрылды. Оның бастамасы бойынша 1883 жылы Қазақстанда «14 миссионерлік қостар құрылып, оның жанында қазақ

балалары үшін 17 миссионерлік мектеп ашылды» [1, 74-б]. Қырғыз рухани миссиясының міндеттерінің бірі – православиені қазақ халқына тарату болды. Православиелік миссиялар, негізгі міндеттерден басқа, діннен безгендерді, яғни бір кездері христиан дінінің қатарына кіргендерді қайтару міндеттерін де орындады.

XIX ғасырдың 60-70 жылдары Түркістан өлкесінде қытай эмигранттары арасында жұмыс істеуге бағытталған православиелік миссияның қызметі ұйымдастырылды. Олардың XIX ғасырдың 60-жылдары Жетісу аумағында босқындар мәртебесінде пайда болуы Қытайдың Шыңжаң провинциясындағы ішкі саяси мәселелермен байланысты еді. Бас сауғалаған маньчжурлар, қалмақтар және басқа этникалық топтар, жалпы саны 14000 адам Жетісуға қашып келіп, Қапалда, Верныйда және аймақтың басқа елді-мекендерінде орналастырылды.

Жетісу облысында қытайлық эмигранттардың пайда болуы, олардың Ресей империясы шегінде одан әрі өмір сүру перспективалары, олардың әлеуметтік мәртебесін анықтау, олардың әлеуметтік-мәдени және экономикалық бейімделу мәселелері кең талқыға түсті. Ең перспективалық жоба ретінде Жетісу облысының әскери губернаторы Г.А.Колпаковский жасап, 1869 жылы император II Александр бекіткен, оларды Ресей азаматтығына қабылдауды қарастырған жоба танылды. Бұл үрдістің маңызды сәті империяға адалдық пен үкіметке қалқан ретінде пайдалану үшін эмигранттардың православиеге ауысуы болатын.

1869 жылы Жетісу облысында Қытай эмигранттарының православиеге тартуға арнайы миссионерлік құрылым - Түркістан епархиясының Жетісу православие бауырластығы құрылды. XIX ғасыр 70-ші жылдары Қапал қаласының маңындағы Саркан миссионерлік қосы мен мектебі пайда болып, аталмыш құрылымдардың жұмысы жандана түсті. Бауырластық мәліметтері бойынша барлығы 9400 адам құрамына кірсе, 1000 жуық қытайлық эмигранттар православие қабылдаған [2, 33-34 бб.]. Осылайша, XIX ғасырдың 70-жылдарында Түркістан өлкесіндегі православиелік миссия ресейлік азаматтықты қабылдаған Қытай эмигранттарының саяси адалдығын бақылауға бағытталған ерекше міндеттерді жүзеге асырды және православиенің жергілікті қазақ халқының арасында таралуы мен исламға қарсы үгіт-насихат жүргізу міндетін қойған жоқ. Алайда, объективті түрде оның жұмысы аймақтағы діни жүйеге сөзсіз ықпал етті.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ даласына өз еріктерімен қоныс аударған орыс үкіметінің әлеуметтік тірегіне айналуға тиісті орыс шаруалары да діни біртұтастыққа көлеңке түсіруге септігін тигізді. Оған себеп 1868 жылы құрылған «Қоныс аудару комитетіне» миссионерлік сипат беріліп, осы бағыттағы қызметті жандандыру тапсырылды. Сол уақыттан бастап православиелік астарында орыстандыру, шоқындыру саясаты бүркемеленіп жатқан миссионерлік қызмет қазақ халқының ұлттық біртұтастығы мен бірегейлігінен ажыратуға, дәстүрлі дінінен алшақтатуға бағытталды. Осы мақсатта 1869 жылы ұлы жүз аумағы жауланып алынып, Ресейдің құрамына енгізілгеннен кейін Түркістан епархиясы құрылды. Қазақтар арасында миссионерлік жұмыстар, православие дінінің негіздерін уағыздау бір мақсатта, жүйелі түрде жүргізіле бастады. Осы жылдың 21 қарашасында Орынбор православиелік миссионерлік қоғамының епархиялық комитетінің негізі қаланды. 1875 және 1881 жылдары құрылған Орынбор және Омбы епархиялары өзінің қызметінің аясына Дала генерал-губернаторлығына тиесілі Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарының тұрғындарын қамтыды. 1882 жылы Том епархиясында Семей облысы үшін Қырғыз миссиясы ашылып, 1894 жылы 30 сәуірдегі Синод жарлығымен бекітілді. 1895 жылы Том және Тобол епархиясының Қырғыз миссиялары бір басқармаға біріктіріліп, дербес Омбы епархиясына бағындырылды. Оның резиденциясы болып Семей қаласы белгіленді

[3, 90-91 бб.]. Осылайша, миссионерлік қызмет Қазақ даласының барлық аймақтарын қамтиды.

1894жылы Александров және Макарьев стандарты ашылды. Ол Қостанай және Торғай уездерінің миссионерлік қызмет тұрғысынан қамтып, Макарьев ауылының жаңа шоқындырылған қырғыздарының материалдық және діни-рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс еді. Жаңадан шоқындырылған тұрғындарға стан жанынан кешкі мектептер ашылып, онда христиан дінінің негізгі қағидалары үйретіліп, шіркеулік қорлар шырқалған. Әдетте, кешкі сабақтар сейсенбі, бейсенбі және жексенбі күндері ұйымдастырылып отырған. Миссионерлік қызметтің жарқын жақтарымен қоса, жаңадан шоқынғандар арасында еріншектік пен бейқамдық, жанұялық және қоғамдық алауыздық, арақ ішу тәрізді келеңсіз құбылыстар да орын алып отырған [4, 59-п.]. Миссия қызметкерлерінің бар күші аталмыш жағымсыз құбылыстармен күресуге жұмсалған. Оларды өз бақылауларында ұстау үшін стан миссионері жаңадан шоқынғандардың үйлеріне барып, қажеттіліктерін анықтап, үнемі байланыста болып отырған.

Христиан дінінің қазақтар арасында таралуының жаңа жолдарын іздестіру барысында православиелік шіркеу қағидаларына қайшы келетін әдістер ұсынылды. Отаршылдық әкімшілік те, дінбасылар да, миссионерлер де көптеген қиындықтарға кезікті [5, 269-б.]. Православиелік шіркеу қағидаларына қайшы келетін әдістерге архив деректерімен мысал келтірсек, Айша Құлжабекова үш күн ішінде христиан дініне өтуге дайын болған. Кейіннен, аз уақыт өте салысымен өзін бірнеше күн арақпен арбап, еріксіз шоқындырғанын алға тартып, өз дініне кері оралатындығы жөнінде мәлімдейді [6, 18-п.]. Деректен көріп отырғанымыздай, миссионерлік қызметтегі дін қызметкерлері тарапынан кеткен жағымсыз жағдайлар миссионерлік қызметтің барысына кері әсерін беріп, жергілікті тұрғындардың қарсылығын тудырды.

1898жылы Ақтөбе станы ашылды. Ақтөбе миссионерлік станы Торғай облысының Ақтөбе және Ырғыз уездерінде мұсылмандыққа қарсы миссия қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды. Миссионерлік стан жанынан 20 адамдық (қырғыз және орыс) интернаты бар бір кластық орыс-қырғыз миссионерлік мектебі ашылып, 1900 жылдан бастап Православие миссионерлік қоғамының қаражаты есебінен тастан тұрғызылған өз ғимаратына қол жеткізеді [7, 60-61 пп.]. Миссияның замқорлығына алған мәртебелі Владимирдің тұсында Ақтөбе станы ерекше жанданды. Оның жанынан миссионерлік мектептер де интернаттар құрылып, 1898 жылдан бастап мұсылман қырғыздар оқуға түсе бастады. Содан кейін Торғай облысының барлық приходты қауылдарына тек қырғыз тілін білетін діни қызметкерлері тағайындалды [8]. Православие миссионерлік қоғамының кеңесі жергілікті комитеттің хабарламаларынан Торғай облысындағы орыс қоныстанушыларының діни-адамгершілік жағдайының мүшкіл екендігін біле отырып және жергілікті халықтар – қырғыздар арасында ислам дінін әлі толық қабылдап үлгермеген, дегенмен олар фанатик молдалардың ықпалында екенін ескере отырып, православие миссиясы шіркеу-мемлекеттік тұрғыдан аса маңызды шаралар қабылдауға кіріседі. Торғай облысындағы екі миссионерлік пункттің шығындарына 4470 рубль бөлінеді, соның ішінде 1000 рубль жаңа шоқынғандарға жәрдемақы ретінде, айқыштар (крест), иконалар мен діни кітаптарды тегін таратуға және миссионерлер мен мұғалімдердің жалақысы, үй-жайына кететін басқа да ұсақ шығындарға жұмсалады [9, 58-п.]. Бұл құжатта патшалық Ресейдің қазақ халқын христиан дініне өткізуге бағытталған миссионерлік саясаты көрсетілген. Құжатта қазақтарды (ол кезде

«қырғыздар» деп атаған) әлі толық мұсылман болып үлгермеген деп сипаттайды және оларды шоқындыру үшін арнайы қаржы бөлінгені жазылған.

1900 жылдың 8 қарашасынан бастап Орал миссионерлік станы пайда болды. 1902 жылдың 1 маусымынан бастап Шілік базарында жергілікті православие өкілдеріне арналған ағаш шіркеу салына бастады. Осы құрылыспен бір уақытта Орынбор Епархиалдық комитетінің құптауымен ағаштан миссионерлік мектеп құрылысы басталды [10, 108-110 pp.]. Бұл мектеп Орал облысының қазақтары үшін миссионерлік қызметті жүзеге асыруда үлкен маңызға ие болды.

Торғай облысы бойынша мұсылмандыққа қарсы миссияның 1902 жылғы жылдық есебінде облыс көлемінде комитет қаржысына ұйымдастырылған үш стан (Александров, Макарьев және Ақтөбе), Қасиетті Синод қаржысына ұйымдастырылған бес приходтың (Қостанай уезіне қарасты Семиозерный, Михайловский, Затобольский, Владимирский және Ақтөбе уезіне қарасты Михайловский) жұмысы баяндалған. Сонымен қатар, Қазан рухани академиясының жанынан басылып шыққан барлық жинақтар жинақталған миссионерлік кітапхана жасақталғаны айтылған [11, 52,56 pp.]. Бұл кітапханалар жұмысын ұйымдастыру – халықты миссионерлік бағытта тәрбиелеу құралдарының бірі екендігі белгілі.

Архив деректерінде Михайлов приходы Михайлов және Степанов ауылдарына бөлінуі қажет екендігі айтылған. Жаңадан шоқындырылғандар Михайлов ауылына орналастырылады. Осы приходтағы дін қызметкері діни қызметінен бөлек, миссионерлік қызмет атқарады. Жобаланған приходқа келушілер аз болған жағдайда діни қызмет пен миссионерлік қызметті тең үйлестіруге болатындығы айтылған [12, 21-п.]. Бұл деректен патшалық билік жаңадан шоқынғандарды өз қауымынан алшақ ұстап, өз діндеріне оралу жағдайларының алдын алуға тырысқанын байқаймыз. Сонымен қатар, жоғарыда атап өткеніміздей, миссионер мамандардың жетіспеушілігін көруімізге болады.

Православиелік миссионерлік қоғамның Орынбор епархиалды комитетінің 1914 жылғы Торғай облысындағы мұсылмандыққа қарсы миссия есебінде «Макарьев станында 119 ер, 127 әйел, барлығы 246 адам, 49 үйді құрайды. Жаңадан шоқынған қырғыздардың өмір сүру салтының орыстардан еш айырмашылығы жоқ. Дегенмен, Макарьев ауылындағы жаңадан шоқынғандарды толықтай христиандар деп айтуға болмайды, себебі, олар әлі мұсылмандық дүниетаны мен әдет-ғұрыптардан арыла қоймаған» деп сипаттайды [13, 10-11 pp.]. Сол себепті миссионерлік стан миссионері жаңадан шоқынғандардың үнемі рухани және материалдық жағдайын бақылауға алып, қазақтардың өз дініне оралуының алдын алуға тырысып отырған.

Мемлекеттің отарлаудағы міндеттерін шешуде қазақ даласындағы білім беру жүйесіндегі православиелік миссионерлік мектептердің қызметі маңызды болды. Православиелік қырғыз миссияларының алда тұрған міндеттерді табысты іске асыруы үшін жергілікті тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізуімен қатар, олардың қызметінің басты бағыты аймақта миссионерлік мектептер желісін құру болды. Қазақ даласындағы алғашқы миссионерлік мектептердің бірі 1841 жылы Орынборда ашылды. Бұл мектепте қазақ балаларына орыс тілі, математика, география, сондай-ақ православие діні туралы дәрістер өткізілді. Мектептерде дін туралы тереңдетілген білім берілді, қазақ балаларының рухани өмірі орыс шіркеуінің талаптарына сай болуына мән берілді. Мектептің бағдарламасы орыс православие шіркеуінің догмаларына негізделді және оқушылар христиандықтың негізгі ұстанымдары мен аңыздарымен таныстырылды.

Түркістан генерал-губернаторлығында исламға қатысты саясат сынақтан өтті. Бұл саясат Ұлы жүз халқының қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі ұстанымдарын ескере отырып әзірленді. Түркістандағы діни саясаттың мазмұнын толықтыруда оның бірінші

генерал-губернаторы К.П.Кауфман жетекші рөл ойнады. Ол аймақтағы православиелік миссионерлік қызметті ұйымдастыруға және ислам институттарына белсенді шабуыл жасауға қарсы болды. Оның пікірінше, Түркістан генерал-губернаторлығының құрамындағы халықтарында бар мекемелердің рухани және білім беру бөлігіне араласпау принципін мойындау қажет деп есептеді. Сонымен қатар, аймақты империялық кеңістікке біріктіру үшін ол орыс және қазақ балаларын «орыс-түземдік» мектептерде бірлесіп оқытатын ресейлік білім беру мекемелерінің желісін құру қажет деп санады. К.П.Кауфман егер бұл мәселені шешуге болатын болса және Ресейдің білім беру жүйесіне қазақ халқын ауқымды түрде тарта алса, «отырықшы мұсылмандарды» еуропалық ағартушылық біліммен сусындаған, орыстандырылған, империяға саяси адал қазақтарға айналдыруға болады деп есептеді [2, 30-б.]. Ислам дініне аса сақтықпен қарауды көздеген К.П.Кауфман миссионерлік жұмысты ұйымдастырудың ең тиімді жолын осылайша қолдау қажеттігін ұсынды.

Миссионерлік мектеп құрылысын салу процесінде үш маңызды мәселе ескерілуі тиіс еді. Біріншіден, қазақ және орыс халқының көпшілігінің қаржылық жағдайының тұрақсыздығы ескерілді, оның ішінде жаңадан шоқындырылғандар балалары үшін оқыту тегін еді.

Екіншіден, қазақтардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, Қырғыз миссиясының миссионерлік мектептері жанынан интернаттар ұйымдастыру идеясы пайда болды. Онда оқытын қазақ балалары мемлекет тарапынан оқытылып, оқу жылы бойы осында тұруға міндетті болды.

Үшіншіден, империяның орталық губернаторлықтарынан аймаққа орыс шаруаларының көші-қон қозғалысы нәтижесінде қалыптасқан қазақ халқының полиэтностық жағдайында өңірде тұратын орыс және қазақ этностарының өкілдерін бірлесіп оқытуға үлкен үміт артылды. Бұл қазақ халқын орыстандыру міндеттерін жеңілдетіп, орыс тілі мен мәдениетін игеруге септігін тигізуі қажет еді.

Қазақстандағы қырғыз миссияларының миссионерлік мектептерінде оқыту шіркеу мектептерінің бір, екі немесе үш сыныптық И.Н.Ильминский жасаған бағдарламаларға сәйкес құрылды [2, 41-б.]. Оқытудың түпкі нәтижесі «шетжерлік» балаларды орыстандыру, атап айтқанда, олардың орыс тілін және православие идеяларын меңгеруі қажет еді. Дегенмен, тәжірибеде оқу үрдісі әлдеқайда әртарапты болды. Шіркеулік пәндермен қатар оқушылардың жалпы дүниетанымын кеңейтуге бағытталған бірқатар зайырлы, сондай-ақ қолөнер өндірісінің дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін пәндер де оқытылды. Әр үрдісті екі жақты қарайтын болсақ, бұл жерде миссионерлік қызметтің бұл түрі – қазақтардың зайырлы білім алып, зиялы қауымының қалыптасуына жағымды әсері болғанын да атап өткеніміз жөн.

Миссионерлік мектептер, сөзсіз маңызды орыстандыру мүмкіндіктеріне ие еді. Алайда, қазақ даласында зайырлы білім беру жүйесін дамытуды басымдыққа айналдырған білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қазақ даласындағы миссионерлік мектептер құрылысы мен қызметіне объективті түрде кедергі келтірді. Орыс тілі мен православиелік идеялардың халық арасында таралуына, олардың әлеуметтік-мәдени интеграциялық процестеріне мұндай мектептердің әлеуеті толық көлемде пайдаланылмады.

Қырғыз миссиясы өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда бірқатар кедергілерге тап болды. Сондай кедергілердің бірі байырғы халық өкілдерінің ислам дінін берік ұстануы және Меккеге қажылыққа баратындардың санының көбеюі, сапардан келгендердің жергілікті тұрғындар арасында беделдерінің артуы еді. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында діни нанымның беріктігі, мұсылмандардың медреселер мен

мектептерде молдадан білім алулары, олардың көзі ашық адамдар ретінде айналасындағы халықтарға ықпалы миссионерлік қызмет үшін кедергі саналды. Сонымен қатар, жаңадан шоқынғандарға жер үлестерінің уақытында үлестірілмеуі, материалдық ынталандырудың да үнемі әрі тұрақты түрде берілмеуінің салдары миссионерлік қызметке сенімсіздік тудырып, көлеңке түсірді [3, 99-б.].

XIX — XX ғасырдың басында қазақ халқы орналасқан аудандарда пайда болған құлшылық ету мекемелері, миссионерлік мекемелер христиандықты уағыздау және шетжерліктерді православие дініне тарту үшін жергілікті тұрғындардың санасына әсер етуді мақсат етті.

Қорытынды. Қазақ даласындағы миссионерлік мекемелердің қызметі мен құрылымын тарихи тұрғыдан зерттеу – отарлық кезеңдегі рухани ықпал тетіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ресей империясы миссионерлік қызметті тек діни мақсатта ғана емес, саяси құрал ретінде де пайдаланды. Бұл мекемелер арқылы православиені тарату, ислам дінінің ықпалын әлсірету және қазақ халқын отарлық жүйеге бейімдеу көзделді. Шіркеу мектебі, приход, миссионерлік ұйымдар сынды құрылымдар арқылы халық арасында діни насихат, христиандық тәрбие беру және мәдени ассимиляция жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Дегенмен, бұл әрекеттерге қазақ қоғамы тарапынан әртүрлі деңгейде қарсылықтар болды. Халықтың дәстүрлі діни сенімі мен мәдени мұрасын сақтап қалуға ұмтылысы, ағартушы тұлғалардың қарсы көзқарастары миссионерлік саясаттың толық жүзеге асуына кедергі келтірді. Бұл рухани қарсылық қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтауда маңызды рөл атқарды.

Зерттеу барысында анықталғандай, миссионерлік мекемелердің қызметі отарлық идеологиямен тығыз байланысты болды және олардың құрылымдық жүйесі арнайы жоспарланған, мемлекеттік қолдауға ие ұйымдардан тұрды. Мұндай мекемелер арқылы империялық мүдделерді діни тұрғыда жүзеге асыру әрекеті — қазақ даласында орын алған рухани, мәдени, әлеуметтік күрестің айқын көрінісі болып табылады.

Осыған орай, қазақ даласындағы миссионерлік мекемелер тарихын зерттеу – ұлттық тарих пен рухани мұраны түсіну үшін аса маңызды. Бұл тақырып қазіргі кезеңдегі діни төзімділік, рухани тәуелсіздік және ұлттық бірегейлік мәселелерімен тығыз байланысты.

Патша үкіметінің қазақ даласындағы діни-саяси саясаты — отарлық басқарудың маңызды құралдарының бірі болды. Бұл саясаттың негізгі бағыттарының бірі – миссионерлік қызметті күшейту және православиелік дінді тарату арқылы жергілікті халықты орыстандыруға ұмтылу еді. Діни миссиялар арнайы ұйымдастырылған шіркеу құрылымдары, мектептер, аудармашылар және жергілікті дін өкілдерін бағындыру арқылы жүзеге асырылды. Олар ислам дінінің ықпалын әлсіретуге бағытталып, қазақ халқының рухани болмысына елеулі әсер етті.

Қазақстанның батыс өлкесіндегі миссионерлік мекемелердің өзіндік ерекшеліктері болды. Бұл аймақ Ресейге ертерек қосылғандықтан, отарлық басқару мен миссионерлік саясат мұнда басқа өңірлерге қарағанда ертерек және белсендірек жүргізілді. Сонымен қатар, Батыс Қазақстанда татар молдалары мен ишандардың ықпалы зор болғандықтан, патша үкіметі ислам дінін бақылауда ұстауға тырысып, миссионерлік мекемелердің жұмысын сол бағытта бейімдеді. Бұл мекемелер көбіне діни емес, әлеуметтік бағытта — мектеп ашу, оқу-ағарту ісімен айналысып, қазақ халқын “өркениеттендіру” ұранымен жұмыс істеді.

Қазақ даласының оңтүстік бөлігіндегі миссионерлік мекемелердің қызметі өзіндік тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл аймақтағы

миссионерлік әрекеттер негізінен Ресей империясының отарлық саясатының бір бөлігі ретінде жүргізілді және мұсылмандықтың терең тамыр жайған аймағында ерекше қарсылыққа тап болды. Сол себепті оңтүстік өңірдегі миссионерлік мекемелер өз қызметінде тек діни үгіт-насихатпен шектелмей, білім беру, әлеуметтік көмек көрсету, медициналық жәрдем сияқты жанама жолдарды да кеңінен қолданды.

Сонымен қатар, бұл өңірдегі мекемелердің қызметі этномәдени қарым-қатынасқа да әсер етті: орыс тілді білім берудің күшеюі, жергілікті тұрғындармен арадағы мәдени алмасулар, ислам дінімен бәсекелестік жағдайында жүргізілген діни жұмыстар – мұның барлығы оңтүстік қазақ даласындағы миссионерлік қызметтің өзіндік бейнесін қалыптастырды. Дегенмен, бұл мекемелердің ықпалы шектеулі болды, себебі халықтың діни санасы мен мәдени тамырлары оларды қабылдауға дайын болмады.

Осылайша, оңтүстік аймақтардағы миссионерлік мекемелердің ерекшелігі – олардың жергілікті жағдайға бейімделуге тырысқанында және тек діни емес, әлеуметтік-мәдени құралдарды қолдану арқылы әсер етуге ұмтылғанында жатыр.

Жалпы алғанда, миссионерлік мекемелер патша үкіметінің қазақ даласын рухани отарлау саясатының бір бөлігі болды. Алайда қазақ халқы өзінің ұлттық болмысын, тілін, дінін сақтап қалуға ұмтылып, бұл әрекеттерге толықтай бағынған жоқ. Миссионерлік саясаттың тарихи сабақтары қазіргі кезеңде дін, ұлт және мемлекеттік саясат арасындағы нәзік тепе-теңдікті түсінуде маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Садвокасова, З. Т. Православные миссионерские учреждения в Казахстане (XIX–начало XX века) [Текст] / З. Т. Садвокасова // Вестник Ивановского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки, 2021. – Выпуск 3. – С. 71-79.

2 Лысенко, Ю. А. Миссионерская деятельность русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX-начало XX в.): диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук [Текст] / Ю. А. Лысенко. –Барнаул, 2011. – 310 с.

3 Мұхатова, О. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы православиелік миссионерлердің қызметі [Текст] / О. Мұхатова // Отан тарихы, 2022. – №1. – 89-100 бб.

4 Орынбор облыстық Мемлекеттік Архиві (алда – ООМА) 175-қор, 1-тізбе, 158-іс, 59-п.

5 Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX-XX ғғ.басы): монография [Текст] / – Алматы, 2022. – 461 б.

6 Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві (алда – ҚР ОМА), 393-қор, 1-тізбе, 129-іс, 18-п.

7 ООМА 175-қор, 1-тізбе, 158-іс, 60-61-пп.

8 Чернавский, Н.М. Оренбургская епархия в прошлом и настоящем [Текст] / Н.М. Чернавский // Труды ОУАК, 1900: Выпуск 7. – Оренбург: Тип. Оренб. дух. консист. –345 с.

9 ООМА 173-қор, 5-тізбе, 10568-іс, 58-п.

10 ООМА 175-қор, 1-тізбе, 25а-іс, 108-110-пп.

11 ООМА 175-қор, 1-тізбе, 25а-іс, 52, 56-пп.

12 ООМА 175-қор, 1-тізбе, 8-іс, 21-п.

13 ООМА 175-қор, 1-тізбе, 153-іс, 10-11-пп.

REFERENCES

- 1 Sadvokasova, Z. T. Pravoslavnye missionerskie uchrezhdenija v Kazahstane (HII–nachalo HH veka) [Orthodox missionary institutions in Kazakhstan (XIX–early XX century)]. Vestnik Ivanovskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Gumanitarnye nauki, (2021): Vypusk 3., S. 71-79. – (In Rus)
- 2 Lysenko, Ju. A. Missionerskaja dejatel'nost' russkoj pravoslavnoj cerkvi v Kazahstane (vtoraja polovina HII-nachalo HH v.): dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk [Missionary activity of the Russian Orthodox Church in Kazakhstan (the second half of the nineteenth and early twentieth centuries): dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences]. Barnaul, (2011): 310 s. – (In Rus)
- 3 Muhatova, O. XIX gasyrdyn ekinshi zhartysyndagy Kazakhstandagy pravoslavielik missionerlerdin kyzmeti [the activities of Orthodox missionaries in Kazakhstan in the second half of the XIX century]. Otan tarihy, (2022): №1., 89-100 bb. – (In Kaz)
- 4 Orynbor oblystyк Memlekettik Arhivi (alda – OOMA) 175-kor, 1-tizbe, 158-is, 59-p. – (In Kaz)
- 5 Kazakhstandagy musulman zhane pravoslavie missionerleri: kyzmeti men natizheleri (XIX-XX gg.basy): monografija [Muslim and Orthodox missionaries in Kazakhstan: activities and results (XIX-XX centuries.beginning): monograph]. Almaty, (2022): 461 b. – (In Kaz)
- 6 Kazakhstan Respublikasynyn ortalyk memlekettik arhivi (alda – KR OMA), 393-kor, 1-tizbe, 129-is, 18-p. – (In Kaz)
- 7 OOMA, 175-kor, 1-tizbe, 158-is, 60-61-pp. – (In Kaz)
- 8 Chernavskij, N.M. Orenburgskaja eparhija v proshlom i nastojashhem [Orenburg Diocese in the past and present]. Trudy OUAK, (1900): Vypusk 7., Orenburg: Tip. Orenb. duh. Konsist, 345 c. – (In Rus)
- 9 OOMA, 173-kor, 5-tizbe, 10568-is, 58-p. – (In Kaz)
- 10 OOMA, 175-kor, 1-tizbe, 25a-is, 108-110-p. – (In Kaz)
- 11 OOMA, 175-kor, 1-tizbe, 25a-is, 52, 56-pp. – (In Kaz)
- 12 OOMA, 175-qor, 1-tizbe, 8-is, 21-p. – (In Kaz)
- 13 OOMA, 175-qor, 1-tizbe, 153-is, 10-11-pp. – (In Kaz)